ОНШ-10-750УХЛ1 /6/, $F_{\text{разруш}}=750$ кгс.

$F_{\text{доп}} = 0,6 \cdot F_{\text{разруш}} = 0,6 \cdot 750 = 450$ кгс. (> 359 кгс)

Шарт орындалады.

5 Автоматты ажыратқыштардың тағайындамаларын таңдау

5.1 Бастапқы берілгендері

0,4 кВ шинаның энергия көзі - қуаты 630 кВА(Δ/\star , $U_k=5.5\%$) болатын және мықты энергожүйесіне қосылған трансформатор болып табылады. Бұл шинаға ВА51-35 ажыратқыш арқылы өзара параллель, ұзындығы 160 м және аудан қимасы $3 \times 185 + 1 \times 50$ болып келетін алюминимен қапталған, алюминий өзекшелі 2 кабель жалғанған. Осыдан қорек алатын жинақ қуаты 40 кВт болатын 6 қозғалтқыштан тұрады. Олардың номиналды тоғы 79,3 А болса, қосу тоғы 555 А. Қозғалтқыштардың негізгі мақсаты сорғылардың жетегі үшін қолданылады, соған орай асқын жүктеменің ықтималдығы азаяды. Қозғалтқыштардың тізбегінде ВА51-31-1 ажыратқышы орнатылған, номиналды тоғы және отсечканың жұмыс тоғы сәйкесінше 100 А және 1000 А. қозғалтқыштарға дейін ұзындығы 10 м болатын және қимасының ауданы $3 \times 35 + 1 \times 16$ болатын кабель тартылған. барлық қозғалтқыштардың бір уақытта жұмыс істеу мүмкіншілігі бар, сонымен қатар өздігінен қосылу. ВА51-35 ажыратқышының уставкаларына есеп жүргізіп, параметрлерін таңдау.

5.2 Есеп жүргізу

Желідегі элементтердің кедергілерін ескере отырып, қозғалтқыштардың өздігінен қосылу тоғын есептеу керек.

Желідегі элементтердің кедергілері:

Трансформатор: $X_T = 13,5$ мОм, $R_T = 3,4$ мОм;

Энергожүйе: $X_c = 1,35$ мОм

Екі параллель кабельдер:


$$x_{k1} = 0,056(160/2)=4,48 \text{ мОм};$$

$$r_{k1} = (160/2)=16,6 \text{ мОм}.$$

Қозғалтқыштарға дейінгі 6 параллель кабельдер:

$$x_{k2} = 0,061(10/6)=0,1 \text{ мОм};$$

$$r_{k2} = 1,1(10/6)=1,83 \text{ мОм}.$$



5.1 сурет - қосылу сұлбасы

Алты қозғалтқыштардың кедергілері:

$$Z_{\partial\sigma,3KB} = \frac{U_{к, \partial\sigma}}{\sqrt{3} I_{н\text{уск},к\text{ап}}}; \quad (5.1)$$

$$Z_{\partial\sigma,3KB} = 380 \cdot 10 / (\sqrt{3} \cdot 555 \cdot 6) = 66 \text{ мОм};$$

$$r_{\partial\sigma,3KB} \approx (0.2 \div 0.3) Z_{\partial\sigma}; \quad (5.2)$$

$$r_{\partial\sigma,3KB} = 0,25 \cdot 66 = 16,5 \text{ мОм};$$

$$x_{\partial\sigma,3KB} = \sqrt{Z_{\partial\sigma}^2 - r_{\partial\sigma}^2}; \quad (5.3)$$

$$x_{\partial\sigma,3KB} = \sqrt{66^2 - 16,5^2} = 63,9 \text{ мОм}.$$

Өздігінен қосылу тогын табатын болсақ:


$$I_{с3п} = I_{н\text{уск}} \frac{Z_{\partial\sigma}}{\sqrt{(r_{сн} + r_{\partial\sigma})^2 + (x_{сн} + x_{\partial\sigma})^2}}; \quad (5.4)$$

$$I_{с3п} = 6 \cdot 555 \cdot \frac{66}{\sqrt{(3,4 + 16,6 + 1,83 + 16,5)^2 + (1,35 + 4,48 + 0,1 + 63,9)^2}} = 2400 \text{ А}.$$

BA51-35 ажыратқышының тоқ үзіндісінің әсер ету мәні:

$$I_{с.о} = \kappa_H \cdot I_{с3п}; \quad (5.5)$$

$$I_{c.o} = 1,6 \cdot 2,4 = 3,84 \text{ кА.}$$



5.2 сурет - Орынбасу сұлбасы

Кедергілерін ескере отырып, бірфазалы және үшфазалы қысқа тұйықталу тоқтарын есептейміз: $z_n^{(1)}/3 = 14$

$$I_{кз}^{(3)} = \frac{U_{ср.н}}{\sqrt{3} \sqrt{(x_{тп} + x_{сис} + x_{каб})^2 + (r_{тп} + r_{каб} + R_{пер})^2}}; \quad (5.6)$$

$$I_{кз}^{(3)} = \frac{400}{\sqrt{3} \sqrt{(13.5 + 1.35 + 4.48)^2 + (3.4 + 16.6 + 15)^2}} = 5.7;$$

$$I_{кз}^{(1)} = \frac{U_{\phi}}{\frac{z_n^{(1)}}{3} + z_{нт}}; \quad (5.7)$$

$$z_{нт} = z_{нт,уд} \cdot l; \quad (5.8)$$

$$I_{кз}^{(1)} = \frac{231}{14 + (0.45 \cdot 160)/2} = 4,6.$$

Тоқ үзіндісінің сезімталдығы жеткіліксіз:

$$k_{\psi R}^{(2)}, k_{\psi R}^{(1)} \geq 1.1 \cdot k_p.$$

Екіфазалы қысқа тұйықталу кезінде

$$k_{\psi R}^{(2)} = \frac{\sqrt{3}}{2} I_{кз}^{(3)} / I_{c.o.}; \quad (5.9)$$

$$k_{\text{чR}}^{(2)} = 0,87(5,7/3,84)=1,2 \text{ т. е. меньше } 1,3.$$

Бірфазалы қысқа тұйықталу кезінде

$$k_{\text{чR}}^{(1)} = I_{\text{кз}}^{(1)} / I_{\text{с.о.}}; \quad (5.10)$$

$$k_{\text{чR}}^{(1)} = 4,6/3,84=1,19 \text{ т.е. меньше } 1,3.$$

Қорғаныстың сезімталдығын жоғарылату үшін келесідей шара қолдануға болады: схеманы өзгерту арқылы. Бір шинаны екі шинамен ауыстырып, бөлек ажыратқышы бар сол кабельдер арқылы үш қозғалтқыш қорек алсын.

Кабельдер кедергісі : $x_{k1} = 8,96 \text{ мОм}$; $r_{k1} = 33,2 \text{ мОм}$.

Қозғалтқыштарға дейінгі үш параллель кабельдердің кедергілері:

$x_{k2} = 0,2 \text{ мОм}$; $r_{k2} = 3,66 \text{ мОм}$.


Үш қозғалтқыштың кедергісі:

$Z_{\text{дв.эКВ}} = 132 \text{ мОм}$; $r_{\text{дв.эКВ}} = 33 \text{ мОм}$; $x_{\text{дв.эКВ}} = 127,8 \text{ мОм}$.

Үш қозғалтқыштың өздігінен қосылу тогын 1300А, ВА51-35 ажыратқышының тоқ ұзіндісінің әсер ету мәні: $I_{\text{с.о}} = 2,08 \text{ кА}$.

ҚТ тоқтары:

$$I_{\text{кз}}^{(3)} = \frac{400}{\sqrt{3} \sqrt{(13,5 + 1,35 + 8,96)^2 + (3,4 + 33,2 + 15)^2}} = 4,0.$$



5.3 сурет - Өзгертуден кейінгі қосылу сұлбасы

$$I_{кз}^{(1)} = \frac{231}{14+(0.45 \cdot 160)} = 2,7.$$

Сезімталдық коэффициенті: екіфазалы қысқа тұйықталу кезінде

$$k_{чR}^{(2)} = 0,87(4,0/2,08) = 1,67.$$

Бірфазалы қысқа тұйықталу кезінде

$$k_{чR}^{(1)} = 2,7/2,08 = 1,3, \text{ жеткілікті.}$$

5.3 Есеп нәтижесі

Қорыта айтқанда, схеманы ауыстыру кабельдің ұзындығының, кедергісінің өзгерісіне әсер тигізбеседе, қозғалтқыштардың өздігінен қосылу тогын бірнеше есе азайтты, соған қарағанда бұл тәсілдің маңызды, әрі тиімді екендігін көре аламыз.

6 Өмір тіршілік қауіпсіздігі

6.1 Зауыттағы еңбек қорғау бойынша техникалық шараларға талдау жасау

Қара металлургия өндірісінде еңбек қорғауды ұйымдастыру және техникалық шараларға талдау жасау қазіргі таңдағы аса көңіл бөлінетін бөлім. Еңбек құқығы құқықтың жетекші салаларының бірі ретінде еңбек сферасындағы өмірлік қатынастарды реттейді. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары - Қазақстанда да көкейкесті мәселелердің бірі. Республиканың ұйымдарындағы еңбекті қорғаудың жай-күйі Үкіметтің және уәкілетті мемлекеттік органдардың тұрақты қадағалау нысаны болып табылады. Жұмыс орындарындағы жазатайым оқиғалардың өсуіне жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне деген тиісті бақылаудың болмауы, жұмыскерлерді қауіпсіз жұмыс тәсілдеріне жеткілікті үйретпеу, қауіпсіздік талаптарының, еңбек және өндірістік тәртіптің орындалмауы да теріс ықпалын тигізіп келеді. Өндірістегі жазатайым оқиғаларға қатысты құбылыстардың сақталуы көп жағдайларда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіздігіне, оның экономикалық реформалар қарқынына үлгермей, артта қалып қоюына да байланысты. Сондықтан еңбек қатынастарын реттеу саласындағы негізгі міндеттердің бірі - еңбекті қорғаудың тиімді басқару жүйесін әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады.

Жаңа технологиялар мен өндіріс жүйелерінің жасаудағы маңызды талаптардың бірі – бұл адамның еңбек етудегі салауатты және қауіпсіз шарттарды қамтамасыз етумен байланысты проблемаларды зерртеу және белгілі бір шешімдерді қабылдау. Өндірісте жазатайым оқиғалардың, кәсіби аурулардың, авариялардың, өрттің мүмкін болатын себептерін анықтау мен зерттеу, сонымен бірге оларды жоюға бағытталған іс-шараларды әзірлеу адамның еңбек етуге қалыпты және қауіпсіз шарттарды жасауға мүмкіндік береді. Қара металлургия зауытындағы техникалық шараларға қатысты барлық негізгі мәселер мен сұрақтарға талдау жасау қажет. Бұл аталған мақсатқа жету үшін келесідей талаптарды орындау қажет:

- 1) еңбекті қорғауға түсінік беру;
- 2) еңбекті қорғау жөніндегі мәселелерді реттейтін нормалардың қайнар көздерін көрсету;
- 3) еңбекті қорғауға қатысты еңбек құқығы субъектілерінің құқықтары және міндеттерін қарастыру;
- 4) еңбек құқығының заңнамасы мен еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік жағдайларын анықтау;
- 5) қызметкерлердің жекелеген түрлерінің еңбегінің қорғалуын бақылау

6.1.1 Станок және слесарлық жұмыстарды бақылаушы

Жұмыс сипаттамасы. Құрастыру операциясынан, механикалық және слесарлық өңдеуден кейін бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптарын: табақты құрастырылатын шаблондарды, бұрышты лекалолы сызғыштарды, штангенциркульдерді, штангенрейсмустарды, индикаторларды, қуыс бұрғыларды, кронциркульдерді, құралбіліктерді, ішпекті кондукторларды қолдана отырып, қарапайым бөлшектерді, тораптар мен агрегаттарды бақылау және сызбалар мен техникалық шарттар бойынша қабылдау. Құрастыру учаскесіне берілетін бөлшектердің сапасын және техникалық шарттарға сәйкестігін анықтау. Тораптар мен конструкцияларды оларды құрастырғаннан немесе орнатқаннан кейін тексеру. Қабылданған және браққа шығарылған өнімнің құжаттамасын рәсімдеу.

Білуге тиіс: бөлшектер мен бұйымдарды механикалық, слесарлық және құрастыру операциясынан кейін қабылдаудың техникалық шарттары; механикалық өңдеудің негізгі түрлеріне және құрастыруға келіп түсетін бөлшектерге арналған шақтамалардың өлшемін; бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптарының құрылғысын, міндетін және қолдану шартын; тура сызықты және қисық сызықты бетті қуыс бұрғылармен, сырға арналған штихмассаларды тексеру әдістерін; шақтамалар мен қондырмалардың жүйесін, дәлдік дәрежесін; кедір-бұдырлық квалитеттері мен параметрлерін.

6.1.2 Металл кесетін станок-автоматтардың операторы

Жұмыс сипаттамасы. Көп шпиндельді автоматтарда, оларға бір уақытта қызмет көрсете отырып және баптаумен күрделілігі әртүрлі бөлшектерді саны 6 артық аралықта және күрделі бөлшектерді саны 6 дейінгі аралықта, сондай-ақ 8-10 квалитеттері немесе Ra 10 кедір-бұдырлық параметрлер бойынша бөлшектерді өңдеу кезінде бір шпиндельді автоматтарда, оларды өздігінен баптап, өңдеу.

Білуге тиіс: қызмет көрсетілетін көп шпиндельді автоматтардың құрылғысын және жұмыс істеу принципін және автоматтарды баптау ережесін; бір шпиндельді автоматтарды баптау үшін құрылғыларды қолдану ережесін; әмбебап және арнайы кескіш құралдың геометриясы негіздерін және қайрау, орнату ережесін; бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптарының міндетін және қолдану шарттарын; өңделетін материалдардың негізгі механикалық қасиетін; шақтамалар мен қондырмалардың жүйесін; кедір-бұдырлық квалитеттері мен параметрлерін.

6.1.3 Бұранда фрезерлеуші

Жұмыс сипаттамасы. Арнайы құрылғыларды қолдана отырып, әр түрлі конструкциялы бұрама фрезерлеу станоктарында 6 квалитет бойынша күрделі бөлшектерде түрлі-түрлі пішінді сыртқы және ішкі бұрандаларды фрезерлеу. Бұрандаларды фрезерлеу үшін есептеулерді орындау.

Білуге тиіс: әр түрлі типті бұранда фрезерлеу станоктарының құрылғысын және кинематикалық тәсімін және оларды дәлдікке тексеру

ережесін; бұрандаға қойылатын стандарттарды; бұрандаларды өлшеудің әмбебап әдістері; кескіш құралдың геометриясын және қайрау ережесін; әр түрлі құралдардың құрылғысын және қолдану ережесін; бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптарының құрылғысын; шақтамалар мен қондырмалардың құрылғысын; кедір-бұдырлық квалитеттері мен параметрлерін.

6.2 Электр қауіпсіздігі. Қорғаныстық ажырату құрылғысын (УЗО) таңдау және есебі

Электр тогының қауіптілік деңгейі бойынша цех аса қауіпсіздік панажайларға жатады, себебі, онда аса қауіпті белгілер жоқ.

Кернеуі 380/220 цех жабдығы тікелей жерлендірілген бейтарап тораптан қоректенеді. Тораптағы қысқа тұйықталу, асқын жүктеме, жабдық оқшауламаның зақымдалуы кезінде жұмысшылардың электр тогының соғуы қауіптілігі пайда болады, сондықтан осы жағдайға қорғаныс іс – шараларын алдын – ала ескертуіміз керек. Тиімді қорғаныс бұл жағдайға қорғаныстық ажырату.

1. сезімталдық, корпустағы кернеуі 42 В жоғары болғанда реленің жұмыс істеуіне жеткілікті: бұл құбылыс реледағы тоқтың және жұмыс кернеуінің параметрдің пайда болуымен сипатталады;

2. іске қосылу уақыты $t < 0,2$ с; реленің іске қосылу уақытымен + контакторлардың қосылу уақытымен сәйкес келеді ($0,02с > t_{cp} + t_{в0,02с}$), қосылу реакцияның уақытын ескермеуге болады;

3. талғаулық;

4. сенімділік; барлық оптималдық шамамен және элементтердің сапасымен сәйкестендіріліп қамтамасыздандырылады;

5. өзін-өзі түзеу бақылауы; аса қауіпті жүйеде қажетті

Сезімталдық – адам арқылы өтетін рауалы ток күші, максималды ток күшінің ток өткізетін бөлікпен тікелей контакта бола алатын іске қосу уақытымен анықталады.

Қорғаныстық ажырату есептеуінде, адамның станциядағы жабдықтың корпусымен жанасқандағы қорғанысы үшін, максималды рұқсат берілетін ажырату уақытының кернеуіне $t_{откл} = 0,2$ с мән беруіміз керек. Кейін қорғаныстық ажырату сұлбаны оның қолдануының ерекшеліктеріне қарай таңдауымыз керек. Бұл ерекшеліктер осы:

1. Бір фазалы қорек $U_{вх} = 220$ В.

2. Жермен қосу қолдануын кейбір жұмыстарды жүргізгенде жабдық элементтердің орын ауыстыруы бөгет жасайды.

3. Қызметшілердің өміріне зиянды 220 В кернеу желі, кернеу корпусында пайда болуы мүмкін.


Сондықтан қорғаныстық ажырату сұлбесінде келесі сипаттамалар болуы тиіс:

– сұлбенің сенімді болуы үшін максималды қарапайым болуы тиіс;

– жермен мен корпус потенциалдардың айырмасын қолдануы қажет: реле әр түрлі кернеудің және тоқтың сипаттарын коммутациялайды. Бірақ жұмыс үшін негізгі массасында тұрақты кернеу мәндерін қолданады. Түзеткіштердің қолдануы қажет.

Бұл шарттарға келесі сұлбе сәйкес келеді.

R1 резистордың қолдануы релені тоқ бойынша үйлестіру үшін керек: Электржабдықтың қалыпты жұмыс режимінің шартты бойынша FU1 сақтандырғыш арқылы өтетін тоқ 1 А – дан аспауы тиіс.



6.1 сурет – УЗО – ның принципіалдық қосылу сұлбесі

Тоқтың үлкен мәндерінде сақтандырғыш күйі есептелгені тиіс. Есепті реленің таңдауынан бастаймыз. Желілік кернеуді коммутациялау үшін тоқтың бұл мәнінде әлсіз тоқты релені, мысалы РЭС – 6 - , бірқалыпты, бір немесе екі тұйықтауышпен, ажыратқыш немесе ауыстырып - қосқыш контакторлармен, тұрақты токпен қоректенетін, жиілігі 50-1000Гц тұрақты және айнымалы тоқтың коммутациясы үшін арналған. Таңдалған сұлбе бойынша, екі тұйықталатын контактары бар модификацияны таңдаймыз. Оның техникалық сипаттамалары:

- Ораманың кедергі 2500 Ом;
- Іске қосылу тоғы жоғары емес 15 мА;

- Ораманың жұмыс тоғы 19-21 мА;
- Ажыралуы контактардағы кернеу 250 В дейін;
- Контакттар арқылы өтетеін рауалы ток 2 А дейін.

Түзеткіш үшін диодтың түрін таңдауымыз керек; Берілген кері кернеуді және тоқты шыдай алатын Д226Г диодтар болуы мүмкін.

Релені тегістеу үшін түзеткіш тоқтың ұқыпты фильтрациясы керек емес. Сондықтан фильтрдің орнына сыйымдылығы бірнеше микрофарад бір конденсатор жеткілікті. Бұл ең үлкен амплитудалы, бірінші реттік гармониканы басуға көметеседі. Ол қағаз конденсаторы болсын, себебі, оларда жұмыс кернеуінің диапазоны үлкен (200-4000В) және мәні (470пФ-10мкФ) болғандықтан. Сыйымдылығы 4 мкФ таңдаймыз.

Түзеткіштің шығысындағы кернеуді табайық U_0 , В: оны екі жартыпериодтық түзеткішке арналған формуласы арқылы табуға болады.

$$U_0 = \frac{2U_{2m}}{\pi} - \frac{4U_{2m}}{3\pi} \cos 2\omega t - \frac{4U_{2m}}{15\pi} \cos 4\omega t - \dots \quad (6.1)$$

U_{2m} – максималды желілік кернеудің мәні, оны келесі формуладан табуға болады:

$$U_{2m} = \sqrt{2} * U_c = \sqrt{2} * 220 \approx 312 \text{ В.} \quad (6.2)$$

Фурье жіктеуінде барлық қосылғыштарды ескермеуге болады. Тек біріншіден басқасын себебі бұл есепте айнымалы құрамаларды ескермеуге болады. Сонда түзеткіштің шығыс кернеуін анықтауға болады.

$$U_0 = \frac{2 * 312}{\pi} \approx 200 \text{ В.} \quad (6.3)$$

Енді R1 резистор кедергісін есептеу керек. Одан өтетін ток K1 арқылы өтетін тоққа тең және 20 А шығу керек.

$$R1 = \frac{U_0}{i} - r_0 = 200/0.02 - 250 = 7500 \text{ Ом.} \quad (6.4)$$

Резистордың қуаты P_{R1} :

$$P_{R1} = R1 * i^2 = 7500 * 0,02^2 = 3 \text{ Вт.} \quad (6.5)$$

Ондай қуаты бар резистор келесі сериядан алуға болады: ВС-3-7.5±5%, Қуаты 3 Вт және кедергісі 7,5 кОм.

Системаның ішкі қорек көзі желілік кернеуді өшіру кезіндегі жұмыстың реттен шығуын болдырмайды.

6.3 Адам организміне шудың әсері. Шудың рұқсат етілетін деңгейі. Қорғану шаралары

Шудың адам организміне ұзақ уақыт әсер етуі, бірнеше қолайсыз жағдайлардың пайда болуына әкеледі: көру, есту мүшелерінің жұмысы төмендеп, қан қысымы көтерілуі мүмкін.

Зауыттағы шу көздері. Трансформаторлық зауыт құрылымы әр түрлі цехтардың жиынтығынан тұрады. Олардағы шу көздері де әр түрлі болып келеді. Мысалы, зауыттағы компрессорлық цехта орналасқан жоғары вольтты синхронды қозғалтқыштар нағыз шудың көзі болып саналады. Ал, қалған цехтардағы шу асинхронды қозғалтқыштар, транспорттық көліктер, крандар, кесуші және жонушы станоктар, компрессорлар, желдеткіштер және т.б. қозғалмалы бөліктердің әсерінен туындайды.

Шудың қолайсыз әсерінен қорғану үшін өндірістік кәсіпорынды жобалауда, оның құрылысында және машиналарды, жабдықтарды пайдалануда кешенді ұйымдық, техникалық, медициналық шаралар белгіленуі қажет.


Шумен күресу шаралары. Зауытта шумен күрестің тиімді жолы оның шу көзінің деңгейін машиналар құрылысындағы технологияларды өзгерту есебінен азайту болып табылады. Шудың шығатын нысанында шуды жою үшін арнайы құралдар таңдау қажет. Ол үшін шудың шығу себебін және оны азайту үшін қандай жабдық таңдау, нендей әдіс-амал істеу керектігін білу қажет. Шудың көбі өндірістегі жабдықтың, машиналардың, станоктардың, олардың әр түрлі тетіктерінің жұмыс істегенде шығаратын дыбыстары: тісті айналғыштар, подшипниктер, өзара соқтығысатын бөлшектер және т.б. тісті берілістердің шуын азайту үшін тістендіргішті ауыстыру арқылы оларды өңдеу, жинау дәлдігін анықтау қажет. Мұндай шаралар тобына шулы процестерді шусыз процестермен ауыстыру арқылы қол жеткізуге болады. Мысалы, шегелеуді дәнекерлеумен, соққылыны соққысызбен алмастыру, қалыптауды қысымдаумен алмастыру және т.б. Ең шулы станоктардың бірі шегелегіш автоматты станок болып табылады. Шегелегіш автоматта шу металл бөлшектерінің өзара соқтығысуынан шығады: пуассон шеге басын, жылжығыш-бағыттауыштармен, таратқыш білік эксцентрігі қисық иіннің шарнирлі қосылыстарының беру тетігінің ролигімен, сырғу подшипниктері және тісті ұстағыштар соғылысы.

Дыбыс жұту әдісімен шуды азайту дыбыс жұтқыш материалдардың кедергісінің болмауы себепті дыбыс тербелістері бөлшектерінің жылу энергиясына айналу принципіне негізделген. Дыбыс энергиясы қаншалықты көп жұтылса, соншалықты бөлмедегі шу бәсеңдейді. Сондықтан, бөлмедегі шуды азайту үшін оның ішкі беттері дыбысжұтқыш материалдармен қапталады.

Дыбыс жұтқыш кеуекті, кеуекті-талшықты, экранды, мембраналы, резонансты, қатпарлы және көлемді болып жабылады.

Кей жағдайларда шу деңгейін азайту мақсатында перфорацияланған алюминий, пластмасса желектерімен жабылған дыбысжұтқыш кеукті материалдармен жабылады. Шудың жоғары жиілігінде дыбыс жұту коэффициентін арттыру үшін дыбыс оқшаулама қабаттарын ұсақ және жиі перфорацияланған қорғаныш қабығымен жабады, сондай-ақ асқын шу көзі болатын жабдыққа конус, куб түріндегі дыбысжұтқыштар қолданылады. Шумен күресте сәулет жобалау, құрылыс шараларының мәні де зор. Ал техникалық шешімдер қолданыстағы нормативтік талаптарды қамтамасыз ете алмайтын жағдайда, шудың ұзақ әсерін шектеу қажет.

Шу деңгейін жабдықтың жанына акустикалық материалмен жабылған дыбыс тосқауылдарын, дефлекторлар, ағаш немесе металл панелдерін қойған жағдайда азайтуға болады. Діріл шуын арнаулы тұғырларға дірілдеуіш беттерді, қоршауларды, қаптамаларды белгілеу арқылы, сондай-ақ шулы механикалық бөлшектерді пластика немесе резенке жабындармен жабу арқылы төмендетуге болады. Шуды машиналардың айналу және қозғалу бөліктерін арнаулы май жағу жолымен де азайтуға болады.



6.2 сурет – шудан қорғану

Бөлмедегі шудың аз болуы ішкі және сыртқы қабырғалардың арасында көбікзат құйылған ағашпен жабылғанда қамтамасыз етіледі. Мұндай көбік дыбыс бөгеуіл рөлін атқарады. Төбені дыбыс сіңіргіш материалдармен жабады. Жабдықты бедерлі төсенішке орналастырады.

Шудан қорғану жолдары. Шудан қорғанудың екі түрі болады: біріншісі – ұжымдық, ал екіншісі – жеке. Осыларға жеке тоқтала кетсек.

Ұжымдық қорғаныс шаралары. Шуды төмендетудің ең тиімді жолы – шуды тудыратын жағдайлардың көзін жою. Шудың пайда болу сипатына байланысты келесідей болып бөлінеді:

- механикалық шу (діріл);

- аэродинамикалық шу;
- электрмагниттік шу;
- гидродинамикалық шу.

Біз осы көрсетілгендердің арасынан зауытқа байланысты механикалық және электромагниттік шу әсерінен болатын процесстерді қарастырамыз.

Механикалық шуды азайтудың жолы құрылғыларға уақытында жөндеу жасалып, соққылы процесстерді соққысызға ауыстырып (штамптауды-пресстеуге, шегелеуді-пісіруге, шабуды-кесуге және т.б.), айналмалы бөліктерді майлап, олардағы тепе-теңдікті сақтап тұру керек. Айналмалы бөліктердің подшипниктерін ауыстыру да ең негізгі шаралардың қатарына жатады.


Электромагнитті шудың көзі электромагнитті өрістің әсерінен қозғалысқа келетін элементтерді айтады (ротор, статор). Бұл шуды азайту үшін айналмалы бөліктерді үнемі тазалап, түзеп, электр қозғалтқыштарының щеткаларының тазалығын қамтамасыз ету керек.

Шуды төмендетудің кеңінен тараған түрі – акустикалық тәсілдерді пайдалану арқылы шудың таралу көздеріне бөгет жасау. Оларды былайша сипаттауға болады:

- дыбысты жұту құралы;
- дыбыстық изоляция құрылғысы;
- дыбысты жұтқыштар.

Бөлмедегі шуды дыбысты жұту құралы арқылы өшіру бөлмені акустикалық өңдеу арқылы жүзеге асады. Осы мақсатпен келесі шаралар қолданылады:

- бөлменің қабырғасының ішкі бөлігін дыбысжұтқыш материалдарымен қаптау (6.3-сурет, а);
- бөлменің төбесіне әр түрлі дыбыс жұтқыштарды ілу (6.3-сурет, б).



а – бөлменің қабырғасын қаптау: 1-перфорленген қорғаныс қабаты; 2-дыбыс жұтқыш материал; 3-шыны маталы қорғаныс; 4-қабырға бөлігі; 5-ауа қуысы; 6-дыбыс жұтқыш материалдан жасалған плита; б – әр түрлі дыбыс жұтқыштар

6.3 сурет - қорғану материалдары

Жеке қорғаныс құралдарын ұжымдық және басқа қорғаныс құралдары шудың шектік деңгейін азайтуға мүмкіндік етпеген жағдайда қолданады. Жеке қолданыс құралдары қабылданатын дыбыс деңгейін 10...45 дБ дейін төмендетуге мүмкіндік береді, әсіресе адам үшін аса қауіпті жоғары жиіліктегі шуды әжептәуір азайтады.

Бір сөзбен айтқанда, шудың пайда болатын көзінен бастап жою шарасы ұжымдық қорғаныс болып саналады.

Жеке қорғаныс шаралары. Шудан жеке қорғаныс құралдары құлақты жауып тұратын шуға қарсы құлаққаптарға, шуға қарсы бас киімдерге және шу костюмдеріне бөлінеді.

Шуға қарсы бас киім басты толықтай жабады, олар өте қатты шу деңгейінде құлаққаптармен және шу костюмдерімен қатар қолданады.

Шуға қарсы ішпектер қатты, созылмалы және талшықты материалдармен жасалады. Олардың бір рет қана және көп рет қолданатын түрлері болады.

Өндірістік шу жағдайында жұмыс істейтіндерге әсер ететін шу деңгейі өлшеніп отыруы керек. Жұмысшы өз құлағының естуін жыл сайын тестілеп отыруы керек, ал жұмыс беруші жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) пайдалануды қатаң сақтау керек.

Шудан қорғаныс құралдарының типтері орындалатын жұмыс сипатына және шу деңгейіне байланысты. Жеткілікті ЖҚҚ келетін шу деңгейін азайтуы тиіс. Өте шулы ортада құлақ ішпектерін, құлаққаптарын міндетті түрде пайдалану қажет.

Құлақ ішпектерін құлаққа бекітеді және құлақ ішіне шу өтуден сақтандырады. Құлақарнылық жұмсақ ішпектер болып табылатын тостағаншалар лентаға бекітіледі де құлақ саңылауына жабыстырылады. Ішпектер құлақ саңылауы жолында болыу керек, ал лента бастын төбесінен жайлап ұстап тұруы қажет. Бұлардың көптеген түрлерін кездестіруге болады. Оны жұмыс берушінің өзі ыңғайына қарай таңдап алады.

Құлаққаптардың көп рет қолданатын түрлеріне қатаң түрде медициналық тексерулер өткізіліп тұруы керек. Оларды жиі тазалап, құлақ ауруын тудыратын жұқпалы дерттерден сақтандыру міндетті түрде жүргізілуі керек.

Өндіріс кәсіпорны өз жұмысшыларын олардың денсаулығына зиян келтіретін құбылыстардан сақтап, жұмыс жасау қабілеттілігін арттыру үшін жоғарыда аталып өткен қажетті қорғаныс шараларын ұйымдастыруы керек. Барлық санитарлық нормалар сақталып, қатаң түрде бақыланып отыруы тиіс. Қандай да бір ережелер бұзылған жағдайда тез арада тиісті шаралар қолданылып, зауытта болуы мүмкін апаттық жағдайлардың, солардың әсерінен адамдардың зардап шегуінің алдын алу қажет.

7 Экономикалық бөлім

7.1 Жобаны іске асырудың мақсаттары

Бұл дипломдық жобаның негізгі мақсаттарының бірі – 110/10 кВ қосалқы стансасын салу арқылы энергожүйенің 110/10 кВ қосалқы стансасының экономикалық тиімділігін арттыру, сол арқылы Алматы қаласындағы тұтынушыларды сенімді әрі үзіліссіз түрде электр энергиясымен қамтамасыз ету.

Қосалқы станса Алматы қаласында орналасқан. Қала Еуразия континентінің орталығында орналасқан. Қаланың климаты континентальды, таулы-аңғарлы циркуляцияның әсеріне ұшыраған.

Есептеудің негізгі мақсаты жобаның экономикалық тиімділігін, инвестициялық ұтымдылығын, қаржылық салымдардың қарапайым өтелу мерзімін, таза келтірілген құнды және рентабелділік индексін анықтау болып табылады.

7.1.1 Электр энергиясының тарифі

Электртораптық объектілердің өндірістік қызметінің нәтижесін торапқа қосымша түскен электр энергиясын сату арқылы бағалайды.

Құндық нәтижені алу үшін қолданыстағы баға мен тарифті пайдаланады. Тарифті берілетін электр энергиясының өзіндік құны арқылы есептейді. Қазіргі уақытта Алматы қаласындағы бір кВтсағ энергияның бағасы 16,21 теңгені құрайды.

7.1.2 Өнеркәсіпті ұйымдастыру және еңбек ресурстары

Қосалқы стансада және оған байланысты тораптарда электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыратын күштік трансформатор (жүктеме кезінде реттеумен қоса), жоғарғы вольтты ажыратқыштар, айырғыштар мен асқын кернеуді шектеуіштер, т.б. электржабдықтар орнатылады.

7.1.3 Ұйымдастыру және заңдық жоспар

«Энерго Тасымал» ЖШС БТҚС (80 МВА қуаты бар 2 трансформатор) салу арқылы 6 км қашықтыққа созылған ЭБЖ-110 кВ желісімен электр энергиясын беру және трансформациялау бойынша, сондай-ақ электр энергиясын алып-сату ісі бойынша қызмет көрсетеді.

Қарастырылып отырған энергетикалық объектіні тұрғызып, эксплуатацияға енгізу үшін жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрылады. Оны қаржыландыру акция шығару және белсенді инвесторлардың қарыз капиталы арқылы іске асырылады.

7.2 Қосалқы стансаның техникалық-экономикалық көрсеткіштерін есептеу

7.2.1 Қосалқы стансаны салуға кететін қаржы жұмсалымын анықтау
 Қосалқы стансаны салу мен монтажға кететін қаржы жұмсалымы 1 кестеде келтірілген

7.1 кесте – Қосалқы стансадағы құрылыс пен монтажға, жабдықтар мен т.б. қажеттіліктерге жұмсалатын бағалардың құраушылары (мың теңге)

Объекті	Кернеу, кВ	Құрылыс жұмыстары	Монтаж	Жабдық	Өзге шығындар
Қосалқы станса		30%	11%	53%	6%
Ашық түрдегі	110	200821,5	73634,55	354784,65	40164,3
Барлығы		669405			

7.2.2 Өндірістің жылдық шығындарын анықтау

Қосалқы станса мен оған байланысты тораптардың шығындары қосалқы стансаның, тарату құрылғыларының және электр беріліс желілерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындармен анықталады.

Сонымен қатар, желілер арқылы тасымалдау үстінде және оны трансформациялау кезінде электр энергиясының белгілі бірімөлшердегі шығыны болады. Бұл шығындар тасымалдау кезінде орын алғандықтан, жылдық шығындардың көлемін есептеген кезде оларды да ескеру қажет:

$$I_{перед} = I_{экс} + I_{ном}, \quad (7.1)$$

мұндағы $I_{экс}$ - тораптарды жөндеу мен эксплуатациялау қызметіне бөлінетін электртораптық шаруашылықтың жалпы шығыны, тенге/жыл;

$I_{ном}$ - жүйедегі тораптарда орын алатын жалпы, тенге/жыл.

7.2.3 Тораптарды жөндеу мен эксплуатациялау қызметіне бөлінетін электртораптық шаруашылықтың шығыны ұлғайтылған көрсеткіш-термен анықталады

$$I_{экс} = I_{ам} + I_{об/рем}, \quad (7.2)$$

мұндағы $I_{ам}$ - амортизацияға жұмсалатын жылдық шығындар, тенге/жыл.

$$I_{ам} = \frac{\alpha_{ам}}{100} \cdot K_{ЭС}, \quad (7.3)$$

бұл жерде $\alpha_{ам}$ - амортизацияға бөлінген норма, %/жыл;

$I_{об/рем}$ - қызмет көрсету мен жөндеуге (капиталды және ағымдағы) жұмсалатын шығындар, теңге/жыл;

$K_{ЭС}$ - қосалқы стансаның жабдықтарының бағасы, млн.теңге.

$$I_{ам} = \frac{6,5}{100} \cdot 354784,65 = 23,06 \text{ млн.теңге/жыл};$$

$$I_{об/рем} = \frac{\alpha_{об/рем}}{100} \cdot K_{ЭС}, \quad (7.4)$$

бұл жерде $\alpha_{об/рем}$ - электр тораптарына қызмет көрсету мен жөндеуге жұмсалатын шығынның нормасы, % / год.

$$I_{об/рем} = \frac{3,3}{100} \cdot 354784,65 = 11,71 \text{ млн.теңге/жыл}.$$

Эксплуатациялық шығындардың есептелуі 7.2 кестеге енгізіледі

7.2 кесте – Энергияны таратудың эксплуатациялық шығындары

Элемент	Кап. жұмсалым, млн.теңге	$\alpha_{ам}, \%$	$\alpha_{об}, \%$	$I_{ам},$ млн. теңге/жыл	$I_{обсл},$ млн. теңге/жыл	$I_{экспл},$ млн. теңге/жыл
ҚС 110/10 кВ	253,641	6,5	3,3	23,06	11,71	34,77

7.2.4 Айнымалы шығындар және соған байланысты орын алатын шығындар

Айнымалы шығындар қосалқы стансадағы трансформаторлардағы айнымалы шығындар және әуе желісі мен кабельдік желідегі активті кедергінің шығынымен анықталады.

Трансформаторлардағы айнымалы шығындардың мәні келесі формуламен анықталады:

$$\Delta \mathcal{E}_{перем\text{ТР}} = n \cdot \Delta P_K \cdot \tau \cdot K_z^2, \quad (7.5)$$

мұндағы $\Delta P_K = 245$ кВт – қысқа тұйықталу шығыны;

$K_z = 0,63$ – трансформатордың жүктелу коэффициенті;

$\tau = 3410,93$ – жылдық максималды шығындар болатын уақыт саны.

7.2.5 Тұрақты шығындар және соған байланысты орын алатын шығындар

Трансформатордағы тұрақты шығындар келесі формуламен анықталады:

$$\Delta \mathcal{E}_{\text{пост.тр-р}} = n \cdot \Delta P_{XX} \cdot 8760, \quad (7.6)$$

бұл жерде n – трансформаторлар саны;

$\Delta P_{XX} = 70$ кВт – трансформатордың бос жүріс шығыны .

Есептеулердің нәтижесі 3 кестеге енгізіледі.

7.3 кесте -Энергияны трансформациялау кезінде пайда болатын шығындар

Элемент	Жүктелу коэфф-ті	Айнымалы шығын, МВт·сағ	Тұрақты шығын, МВт·сағ	И _{пот} , млн. теңге/жыл	Жалпы шығын
Трансформатор	0,63	331,681	1226,4	0,04	1558,08

$$I_{\text{пот}} = \Delta \mathcal{E} \cdot C_{\text{пот}} \cdot K_{\text{цен}}, \quad (7.7)$$

бұл жерде $\Delta \mathcal{E}$ – энергия шығынының мөлшері;

$C_{\text{пот}}$ - 1 кВт·сағ энергия шығынының құны.

ЭБЖ-дағы жылдық энергия шығыны:

$$\Delta \mathcal{E} = \Delta P_{\text{кор}} \cdot 8760 + \Delta P_{\text{мах}} \cdot \tau, \quad (7.8)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{кор}}$ – тәжге кететін жылдық орташа қуат шығыны;

$\Delta P_{\text{мах}}$ – максималды жүктеме кезіндегі қуат шығыны;

τ – максималды шығындардың жылдық уақыт мөлшері.

Желідегі тәжге кететін қуат шығыны төмендегідей анықталады:

$$\Delta P_{\text{тәжс}} = p_{\text{менш.тәжс}} \cdot L, \quad (7.9)$$

мұндағы $p_{\text{менш.тәжс}}$ - ЭЖ 110-500 кВ желінің 1 км ұзындығына шаққандағы желідегі тәжіге кететін қуат шығыны;

$L=6$ км - желінің ұзындығы.

Максималды жүктеме болған кездегі қуат шығыны анықталады:

$$\Delta \mathcal{E}_{\text{әд}} = \rho_{\text{әд}} \cdot L. \quad (7.10)$$

Максималды жүктеме болған кездегі қуат шығыны анықталады:

$$\Delta P_{\max} = \frac{S_{\max}^2}{U^2} \cdot \rho \cdot \alpha, \quad (7.11)$$

мұндағы S_{\max} – ЭЖ максималды жүктеме кезіндегі берілетін қуат;
 U – линияның кернеуі;
 ρ - 10-500 кВ линиясының меншікті активтік кедергісі;
 α - 20 С° өзгешеленетін температура кезінде линияның кедергісінің өзгерісін ескеретін коэффициент;
 L - желінің ұзындығы.

$$I_{\Sigma} = I_{\text{перем}} + I_{\text{пост}}. \quad (7.12)$$

7.2.6 Өзіндік құн

Энергожүйенің тораптары арқылы жіберілген электр энергиясының толық өзіндік құны энергияның берілісі мен таратылуына кететін шығынмен, сондай-ақ тұтынушыларға жіберілген энергияның мөлшерімен анықталады.

«Энерго Тасымал» ЖШС тораптары арқылы берілетін электр энергиясының өзіндік құны (Алматы қаласының тарифінің құрылымы бойынша):

7.4 кесте – Алматы қаласының тарифінің құрылымы

№	Шығындар тізімі	Құрылымы, %
I	Тауар өндіру мен қызмет көрсетуге кететін шығын, барлығы	88,36
1	Материалдық шығындар, барлығы	4,13
1.1	Отын, материалдар	2,02
1.2	Жанар-жағармай материалдары	1,59
1.3	Тұрмыстық қажеттіліктерге кететін электр энергиясы	0,53
2	Еңбек ақысын төлеуге кететін шығындар	22,64
3	Амортизация	18,86
4	Жөндеу	6,24
5	Өзге өндірістік ұйымдардың қызмет көрсетуі	0,52
6	Тағы басқа шығындар	3,62
7	Шығындардың құны	32,35
II	Период шығындары, барлығы	8,41
8	Жалпы административтік шығындар	8,41
III	Барлық шығын	96,77
IV	Пайда	3,23

7.4 кестеден көріп отырғанымыздай амортизация мен жөндеуге кететін шығынның қосындысы мынаған тең:

$$18,86 + 6,24 = 25,1 \%$$

$$\dot{E}_{\Sigma} = \frac{23,06 \cdot 100}{25,1} = 91,87 \text{ \u0438\u0435\u0434. \u0434\u0430\u043d\u0430};$$

$$S_{\text{перед}} = \frac{I_{\Sigma}}{\mathcal{E}_{\text{год}}}, \quad (7.13)$$

мұнда $\mathcal{E}_{\text{год}}$ – тасымалдау қызметі бойынша бір жылына тасымалданатын электр энергиясының көлемі.

$$\mathcal{E}_{\text{год}} = n \cdot K_3 \cdot S_{\text{ном.тр}} \cdot \cos \varphi \cdot 6000, \quad (7.14)$$

мұнда n – трансформаторлар саны;
 $\cos \varphi$ – қуат коэффициенті, 0,8;
 $S_{\text{ном.тр}}$ – бір трансформатордың номиналды қуаты.

$$\mathcal{E}_{\text{год}} = 2 \cdot 0,63 \cdot 80 \cdot 0,8 \cdot 6000 = 483,84 \text{ млн. кВт}\cdot\text{ч.}$$

Сондағы қосалқы станса арқылы 1 кВт\cdotсағ электр энергиясын өткізу қызметінің өзіндік құны:

$$S_{\text{ПЕРЕД}} = \frac{91,87}{483,84} = 0,19 \text{ теңге/кВт}\cdot\text{ч.}$$

Пайда жалпы шығынның 3,23%-ын құрайды, демек 2,96 миллион теңге болады.

Энергожүйенің тораптары арқылы электр энергиясын тасымалдаудың толық өзіндік құны келесілерден құралады: энергия өндіруші ұйым «Мойнақ ГЭС» АҚ-ның энергия құны (7,4 теңге), «KEGOC» ҰЭТ-ның тораптары арқылы тасымалдаудың тарифі (1,113 теңге), «АЖК» АҚ аудандық электртораптық компаниясының тарифі (4,84 теңге) және «Энерго тасымал» АҚ-ның тораптары арқылы тасымалданатын энергияның өзіндік құны.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның тарифтік құрылымының деректері бойынша 2014 жылдың қаңтар айынан бастап Мойнақ ГЭС-індегі электр энергиясының қазіргі құны 7,4 теңге*кВтсағ, бірақ құны 6,8 теңге*кВтсағ-ды құрайтын қорек көзін табу қолжетімді болып саналады.

$$\dot{O}_{\text{АТ "ЭнергоТасымал"}} = S_{\text{таб}} + 0,1 \cdot S_{\text{таб}}; \quad (7.15)$$

$$T_{\text{АО "ЭнергоТасымал"}} = 0,19 + 0,1 \cdot 0,19 = 0,209 \text{ теңге/кВт}\cdot\text{ч.}$$

«Энерго Тасымал» ЖШС-ның электр энергиясына тарифі:

$$\dot{O}_C = S_{\dot{Y}\dot{I}} + \dot{O}_{\dot{Y}\dot{N}} + \dot{O}_{\dot{D}\dot{Y}\dot{E}} + \dot{O}_{\dot{A}\dot{I}} = 7,4 + 1,113 + 4,84 + 0,209 = 13,56 \text{ тенге/кВт}\cdot\text{сағ} \cdot \div.$$

Алматы қаласындағы электр энергиясына орташа тариф 13,56 тенге/кВт·сағ-ды құрайды. «Энерго тасымал» ЖШС-ның қабылдаған тарифі 12,96 тенге/кВт·сағ. Екеуінің айырмашылығы мынадай болады: $13,56 - 12,96 = 0,598$ тенге/кВт·сағ.

Электр энергиясын тасымалдаудан шамамен алынатын ақшалай түсім мынадай:

$$V_{\text{дәлел}} = 483,84 \cdot 13,56 = 6561,839 \text{ іеі } \cdot \text{дәлел} \cdot \cdot$$

Алынатын ақшалай түсімнен кәсіпорын келесідей төлемдер жасайды:

- Аудандық электрторапдық бөлу компаниясына

$$V = 483,84 \cdot 4,84 = 2341,79 \text{ млн.тенге}$$

- Ұлттық электрлік тораптарға

$$V = 483,84 \cdot 1,113 = 538,51 \text{ млн.тенге}$$

- Энергия өндіруші кәсіпорындарға

$$V = 483,84 \cdot 7,4 = 3290,112 \text{ іеі } \cdot \text{дәлел} \cdot \cdot$$

Электр энергиясын тасымалдаудан түсетін ақшалай түсімнен қалатыны

$$\dot{I} = 6561,839 - 2341,79 - 538,51 - 3290,112 = 201,429 \text{ іеі } \cdot \text{дәлел} \cdot \cdot ;$$

$$\dot{I}_x = 201,429 \cdot 0,8 = 161,143 \text{ іеі } \cdot \text{дәлел} \cdot \cdot$$

Ақша ағыны мына формуламен анықталады:

$$CF = \dot{I}_x + \dot{E}_{\text{аі}},$$

мұндағы P_p - таза пайда, млн.теңге;

$I_{\text{ао}}$ – амортизация шығыны, млн.теңге.

$$CF = 201,5 \cdot 10^6 + 23,06 \cdot 10^6 = 224,56 \text{ іеі } \cdot \text{дәлел} \cdot \cdot$$

Шығынның өтелуін анықтаймыз. Бастапқы инвестицияның сомасын толық қайтаруға кететін шығынның өтелу мерзімін табуымыз керек.

Шығынның өтелу мерзімі:

$$PP = \frac{I_c}{CF}, \quad (7.16)$$

мұнда I_c - инвестициялар;
 CF – ақша ағыны, млн.теңге.

$$PP = \frac{669,405}{224,56} = 3 \text{ әуе.}$$

PP әдісінің кемшіліктері:

1) соңғы жылдардағы ақшаның құйылуы ескерілмейді;
 2) қолға түскен ақша ағыны мен оның жыл бойына жұмсалуды бөліп қарастырылмайды;

3) аддитивтік сипаты жоқ.

Артықшылықтары:

1) есептелуі қарапайым;
 2) кәсіпорынның болжамдарының өтімділігіне жұмыс жасайды, яғни шығынның өтелуіне әсер етеді;

3) әр түрлі инвестициялық жобаның тәуекелділік деңгейін көрсетеді, шығынның өтелу мерзімі аз болған сайын тәуекелдің қаупі де аз және керісінше.

Пайданың түсуі бірқалыпты болмаған жағдайда шығынның өтелу мерзімін жобаға құйылатын инвестициялық шығындардың неше жылға (немесе ай) созылатынын санайды, яғни пайданы шығынмен салыстырып көреді. Жоба үшін шығынның өтелу мерзімі 3 жыл.

7.5 кесте – Электр энергиясын сатудан түсетін пайда

Жыл	Жүктелу коэффициенті, %	$\mathcal{E}_{год}$, млн.кВт·са Ғ	$S_{перед}$, тенге/кВт·са Ғ	ТЖШС “Энерго Тасымал”	Тариф	Айырма - шылығы	Таза Пайда
1	0	0	0	0	0	0	0
2	63	483,84	0,19	0,209	13,56	0,598	201,5

7.2.7 Жүзеге асырудың көлемі

Жүзеге асырудың көлемі (іске асырылған электр энергиясының құны) жүктеменің артуына байланысты жыл сайын көбейеді және келесідей анықталады:

$$O_{p,t} = C_{\mathcal{E}\mathcal{E}} \cdot (\gamma \cdot \mathcal{E}_t - \Delta \mathcal{E}_{ном,t}), \quad (7.17)$$

мұнда $C_{ЭЭ}$ - электр энергиясының құны;
 γ - үлес коэффициенті;
 \mathcal{E}_t - тасымалданған ЭЭ құны, жүктеменің артуына байланысты өзгереді:

$$\mathcal{E}_t = k_{осв.t} \cdot \mathcal{E}. \quad (7.18)$$

$\Delta \mathcal{E}_{номt}$ – қарастырылып отырған тораптағы ЭЭ шығыны, жүктеменің артуына байланысты өзгереді:

$$\Delta \mathcal{E}_{номt} = \Delta \mathcal{E}_{номt} + k_{осв.t}^2 \cdot \Delta \mathcal{E}_{перем}. \quad (7.19)$$

7.3 Инвестицияның қаржы-экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері

Инвестициялық жобаның жалпы тиімділігі жобаның потенциалды инвесторлар үшін тартымдылығын дәлелдеу мен қаржыландыру көздерін іздестіру мақсатымен есептеледі. Ол келесілерді қамтиды:

- жобаның қоғамдық (әлеуметтік-экономикалық) тиімділігі;
- жобаның коммерциялық (қаржылық) тиімділігі.

Жобаның қоғамдық тиімділігінің көрсеткіштері инвестициялық жобаны жүзеге асырудың жалпы қоғам үшін әлеуметтік-экономикалық салдарын сипаттайды (жұмыссыздық деңгейі, инфрақұрылым объектілері, экология т.б. мәселелердің шешімі).

Экономикалық әдебиеттер мен тәжірибеде инвестициялық жобалардың тиімділігін толық анықтылық (анықтылық – жобаны жүзеге асыру нәтижесінде алынатын ақша ағымдарының көлемі нақты белгілі жағдай, яғни болжанған және нақты алынатын ақша ағымы арасындағы дисперсия нольге тең) жағдайында бағалаудың келесідей әдістері бар:

- 1) дисконттауға негізделген әдістер;
- 2) дисконттауды қолданбайтын әдістер.

Дисконттауға негізделген әдістің мәні – болашақтағы ақша ағымдарын дисконттау жолымен белгілі бір уақыт кезеңіндегі (жобаның басталу мерзімі не басқа мерзім) құнға келтіріп, одан кейін ақша ағымы мен инвестициялық шығындарды өзара салыстыруда.

Бұл әдісте инвестициялық жобалардың тиімділігін сипаттау үшін арнайы көрсеткіштер есептеледі.

Таза келтірілген табыс (NPV). Инвестициялық жобалардың тиімділігін сипаттаушы негізгі көрсеткіш ретінде таза келтірілген табыс (құн) кеңінен қолданылады. Ол дисконттау жолымен ағымдағы құнға келтірілген операциялық қызметтің ақша ағымының сальдосы мен ағымдағы құнға келтірілген инвестициялық қызметтің ақша ағымының (инвестициялық шығындар) сальдосының айырмасы ретінде анықталады:

$$NPV = \sum_{t=0}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t} - I_0, \quad (7.20)$$

мұндағы I_0 – берілген жобаның инвестициясы, млн. тг.;

CF_t – таза ақша ағыны, млн. тг.;

r – дисконттық ставка;

t – жобаның жүзеге асу уақыты, жыл.

Табыстылықтың ішкі нормасы (IRR). Инвестициялық жобалардың тиімділігін сипаттаушы маңызды көрсеткіш – табыстылықтың ішкі нормасы (IRR). Бұл критерий болашақта алынатын табыстардың сомасы мен инвестиция сомасын теңестіретін дисконттық ставка деңгейін көрсетеді:

$$NPV = 0 \rightarrow IRR = r$$

Банктің пайызы $r = 10\%$ болғандағы IRR есептейміз.

$$PV = 106,15 \cdot 0,91 = 96,59 \text{ млн.тенге,}$$

$$NPV = -669,405 + 96,59 = -572,815 \text{ млн.тенге}$$

Есептеулердің нәтижелерін 6 кестеге енгіземіз.

7.6 кесте – NPV мен IRR есептеу

Жыл	CF ақша ағыны, млн.тг	$1/(1+r)^n$	Ағымдағы құн, млн. тенге
0	-669,405	1	-669,405
1	106,15	0,91	-572,82
2	106,15	0,83	-484,72
3	106,15	0,75	-405,1
4	106,15	0,68	-332,3
5	106,15	0,62	-266,5
6	106,15	0,56	-207,1
7	106,15	0,48	-154,98
8	106,15	0,4	-110,41
9	106,15	0,32	-73,26
10	106,15	0,24	-43,534
11	106,15	0,16	23,353

Қорытынды

Бұл дипломдық жобада қара металлургия зауытының электрмен жабдықтаудың жобасына арналған. Жұмыста келесі негізгі нәтижелер алынды.

Бітіру жұмысына берілген мәліметтер бойынша зауыттың 0,4 кВ кернеудегі барлық жүктемелері есептелді: $S_p=47959,5$ кВА. 22хТМ-2500-10/0,4 типті цехтік трансформаторлар таңдалды. 0,4 кВ кернеуде УКМ-0,4-250-50 УЗ төменгі кернеулі конденсаторлар батареялері көмегімен реактивті қуат компенсациясы жасалды.

Зауыт бойынша 10 кВ кернеудегі БТҚС шинасының СҚ, БТҚС мен пештік трансформатор шығындарын есепке ала отырып жүктемесі анықталды: $S_{p,зав}=79200,06$ кВА.

Бітіру жұмысында сыртқы электрмен жабдықтау сұлбасының екі нұсқасы қарастырылған. Солардың ішінен ең экономикалық және техникалық жағынан рационалды ЭЖЖ 110 кВ нұсқасы таңдалды. Осы нұсқаға сәйкес жоғары кернеулі қондырғылар: кіріс ажыратқыштары, секционды ажыратқыш, айырғыштар, жүктеме ажыратқыштары, тармақты линиялардың ажыратқыштары, СҚ ажыратқыштары, және де олардың кабелдері таңдалды. Өлшеуіш жабдықтар, тоқ және кернеу трансформаторлары таңдалды. БТҚС шинасы мен төменгі кернеулі қондырғылар да таңдалды.

Қыскартулар мен белгіленулер тізімі

АҚШ	- асқын екрнеу шектегіш
АТҚ	- ашық тарату құрылғысы
ӘЖ	- әуе желісі
БТҚС	- бас төмендеткіш қосалқы станция
БЭЖ	- бірыңғай энергетикалық жүйе
ДББП	- доғалы болат балқытқыш пеш
ДРШ	- доғалы разрядты шамдар
ЖККБ	- жоғары кернеулі конденсаторлар батареясы
ЖҚҚ	- жеке қорғану құралдары
ЖММ	- жанатын-майлаушы материалдар
ЖТҚ	- жабық тарату құрылғысы
ҚТ	- қысқа тұйықталу
ЛШ	- люминисцентті шамдар
ӨҚН	- өрт қауіпсіздік нормалары
СҚ	- синхронды қозғалтқыш
ТККБ	- төменгі кернеулі конденсаторлар батареясы
ТҚ	- тарату құрылғысы
ТҚС	- трансформаторлық қосалқы станция
ЭБЖ	- электр беріліс желісі


Әдебиеттер тізімі

1. Князевский Б.А., Липкин Б.Ю. “Электроснабжение промышленных предприятий” – М. Высшая школа, 1986 г, 400 с.
2. “Справочник по проектированию электрических сетей и электрооборудования” под редакцией Ю.Г.Барыбина и др. – М. Энергоатомиздат, 1991 г, 464 с.
3. “Справочник по проектированию электрических сетей и электрооборудования” под редакцией Ю.Г.Барыбина и др. – М. Энергоатомиздат, 1990 г, 576 с.
4. “Справочник по электроснабжению и электрооборудованию” В 2 т. под редакцией А.А.Федорова. – М. Энергоатомиздат, 1986 г, 568 с.
5. Неклепаев Б.Н., Крючков И.П. “Электрическая часть электростанций и подстанций”. Справочник – М. Энергоатомиздат, 1989 г.
6. Рожкова Л.Д., Козулин В.С. “Электрооборудование станций и подстанций” - М. Энергоатомиздат, 1987 г.
7. Чернобровов Н.В. “Релейная защита” Учебное пособие. – М. Энергия.
8. Васин В.М., Липкин Б.Ю. Дипломное проектирование для специальности “Электрооборудование промышленных предприятий и установок” М. Высшая школа, 1977 г.
9. Липкин Б.Ю. “Электроснабжение промышленных предприятий” - М., 1975 г.
10. ПТЭ и ПТБ, 1969 г.
11. Правила устройства электроустановок. Минэнерго СССР – М.Энергия, 1986 г.
12. Федоров А.А., Каменева В.В. “Основы электроснабжения промышленных предприятий” – М. Энергоатомиздат, 1984. – 472 с.
13. Положение об аттестации производственных объектов организации по условиям труда. Постановление коллегии от 22 мая 1995 года.
14. Свенчанский А.Д., Трейзон З.Л., Мнухин Л.А. “Электроснабжение и автоматизация электротермических установок” – М.: Энергия, 1980. – 320 с.
15. Миронов Ю.М., Миронова А.Н. “Электрооборудование и электроснабжение электротермических, плазменных и лучевых установок” – М. Энергоатомиздат, 1991. – 376 с.
16. Болотов А.В., Шепель Г.А. “Электро-технологические установки” – Алма-Ата: Мектеп, 1983. – 256 с.
17. Баклашов Н.И., Китаева Н.Ж., Терехов Б.Д. “Охрана труда на предприятиях связи и охрана окружающей среды” – М.: Радио и связь, 1989. – 288 с.

18. Хакімжанов Т.Е. “Еңбек қорғау” – Алматы: «ЭВЕРО», 2008 – 240б.
19. Утепов Е.Б., Актаев Б.Г., Актаева Д.У., Утепов Т.Е. Применение «тихий» сплавов в технике борьбы с шумом: / - Алматы, 1998, 78с.
20. Сулеев Д.К., Утепов Е.Б., Нуркеев С.С., Мякотин В.Н. и др. Устройства для исследования механического шума ударного происхождения //Труды IV международной научно-технической конференции «Новое в охране труда и окружающей среды», Алматы: КазНТУ, 2000, С. 400-401.
21. Утепов Е.Б., Лидтке В.Ю., Мякотин В.Н., Утепов Т.Е. // Снижение шума в направляющих трубах токарных автоматов. – Алматы: ЧП «Шевченко», 1998. б.72.
22. А.А. Жакупов, Р.С. Хижняк. Методические указания к выполнению экономической части выпускных работ (для бакалавров, обучающихся по направлению «Электроэнергетика»). – Алматы: АИЭС, 2011. – 28 с.
23. www.abb.ru
24. www.esalmaty.kz
25. www.forca.ru

Қосымша А

Зауыттың есептік жүктемесін Microsoft Office Excel жабдығында жасау



	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O
1	№	Цехтардың аты	ЭҚ саны, n	Тұрақталған қуат, кВт $P_{\text{амин}} \rightarrow P_{\text{в max}}$	$\Sigma P_{\text{в}}$	m	Kи	cosφ	tgφ	Орта жүктеме		п _э	Kр	Есептік жү	
2										Pсм	Qсм			Pр, кВт	Qр, кВт
3	1	Шигизат қоймасы													
4		а) күштік	10	1-20	100	>3	0,2	0,6	1,33	20	26,6	10	0,91	18,2	24,21
5		б) жарықтандырушы												165,24	79,32
6		Барлығы												183,44	103,53
7	2	Зауыт басқармасы, ЦЗЛ													
8		а) күштік	40	1-30	300	>3	0,4	0,7	1,02	120	122,4	20	0,85	102	104,04
9		б) жарықтандырушы												394,7	148,48
10		Барлығы												496,7	252,52
11	3	Асхана													
12		а) күштік	50	1-50	450	>3	0,5	0,9	0,48	225	108	18	0,85	191,25	91,8
13		б) жарықтандырушы												126,3	60,63
14		Барлығы												317,55	152,43
15	4	Гараж													
16		а) күштік	30	1-40	180	>3	0,3	0,7	1,02	54	55,08	9	0,9	48,6	49,57
17		б) жарықтандырушы												27,02	12,97

	A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	M	N	O
16		а) күштік	30	1-40	180	>3	0,3	0,7	1,02	54	55,08	9	0,9	48,6	49,57
17		б) жарықтандырушы												27,02	12,97
18		Барлығы												75,62	62,54
19	5	Престеу цехы													
20		а) күштік	40	5-50	600	>3	0,5	0,75	0,88	300	264	24	0,85	255	224,4
21		б) жарықтандырушы												61,6	29,59
22		Барлығы												316,6	253,99
23	6	Қаңылтыр илемдеуші цехы													
24		а) күштік	200	1-100	7000	>3	0,45	0,7	1,02	3150	3213	140	0,75	2362,5	2409,75
25		б) жарықтандырушы												414,8	199,12
26		Барлығы												2777,3	2608,87
27	7	Ағаш өңдейтін цех													
28		а) күштік	40	1-20	360	>3	0,2	0,7	1,02	72	73,44	36	0,75	54	55,08
29		б) жарықтандырушы												120,8	58
30		Барлығы												174,8	113,08
31	8	Компрессорлық													
32		а) күштік	15	10-80	350	>3	0,6	0,7	1,02	210	214,2	8	0,91	191,1	194,922

Қосымша Б

Электр жүктеменің нақтырақ есептелуі Microsoft Office Excel
жабдығында жасау

	A	B	C	D	E	F
1	№ ТП	№ Цех	Pp	Qp	Sp	Кз
2	ТП1-ТП2 (4x2500)	6	2777,3	2608,87	-	0,80
3		7	174,8	113,08	-	
4		9	307,16	265,99		
5		4	98,18	62,54		
6		5	316,6	253,99		
7		Қнбк (4*250)=1000	-	-	-1000	
8	терр.жарықтандыру 20%		3273,73	1571,39		
9	Барлығы	-	6947,77	3875,86	7955,74	
10	ТП3-ТП4 (4x2500)	3	317,55	152,43		0,83
11		11	4379,42	3013,37		
12	Қнбк (4*250)=1000			-1000		
13	терр.жарықтандыру 17%		2782,66	1335,68		
14	Барлығы		7479,63	3501,48	8258,65	
15	ТП5-ТП6 (4x2500)	1	183,44	103,53		0,82
16		10	3984,8	2668,7		
17		2	496,7	252,52		
18	Қнбк (3*250)=750			-1000		
19	терр. жарықтандыру 20%		3273,73	1571,39		
13	терр.жарықтандыру 17%		2782,66	1335,68		0,83
14	Барлығы		7479,63	3501,48	8258,65	
15	ТП5-ТП6 (4x2500)	1	183,44	103,53		0,82
16		10	3984,8	2668,7		
17		2	496,7	252,52		
18	Қнбк (3*250)=750			-1000		
19	терр. жарықтандыру 20%		3273,73	1571,39		
20	Барлығы		7441,97	3343,62	8158,60	
21	ТП7-ТП8 (4x2500)	13	4740,03	3571,2		0,81
22	Қнбк (4*250)=1000			-1000		
23	терр. жарықтандыру 15%		2471,01	1178,54		
24	Барлығы		7211,04	3749,74	8127,71	
25	ТП9-ТП10 (4x2500)	12	3514,57	2334,99		0,83
26		8	269,3	232,42		
27	Қнбк (3*250)=750			-1000		
28	терр. жарықтандыру 23%		3764,78	1807,1		
29	Барлығы		7548,65	3374,51	8268,58	
30	ТП11 (2x2500)	14	2677,5	2065,21		0,80
31	Қнбк (2*250)=500			-500		
32	Терр. жарықтандыру 5%		818,43	392,85		